

М.ӘУЕЗОВ ТІЛІНДЕГІ ПАРЕМІЯЛЫҚ ҚОЛДАНЫСТАР

Ш.П. ҚАРСЫБЕКОВА,

*ф.ғ.к., доцент**Ахмет Ясауи университеті**Түркістан, Қазақстан*sholpan.karsybekova@ayu.edu.kzDOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15256989>

“Тіл халықтың ең ұлы байлығы” деген еді көрнекті жазушы М.Шолохов. [1, 3] Тыңдаушы адамға тіл, әрине, сөз арқылы жетеді. Халқымыз “Сөздің көркі – мақал” дейді. Тарихи – әлеуметтік өмір тәжірибесінен алып, терең де зерделі тұжырым жасап, асылдай қорытып, алмастай шыңдап, айтатын мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер (нақыл сөздерді; қалыпты, орнықты, қалыптасқан тіркестерді; афоризмдерді; ұтымды, жинақты, образды, айшықты өткір сөз орамдарын) халық өлшеусіз көп шығарған. Әрбір тіл де сол тілде сақталып жүрген сөздің інжу – маржаны да – атам заманнан бері жасап келе жатқан өте көне мәдениеттердің көзі. Ол халықпен біте қайнасып, бірге жасайды. Сондықтан да ол – ел-жұрт өмірінің айнасы, табиғи шындықтың өзі.

Мақал-мәтелдер – халық творчествосының төл жемісі. Әуелі жеке адам ойлап шығарғанмен жүре-бара олардың авторы ұмытылып, кетеді де, жұрт сынынан өткендері халық қазынасына – фольклор (ауыз әдебиетінің) шығармаларына айналып отырады. Осыдан барып мақал-мәтелдер көбінесе “халық даналығы” деп аталады. Көне түркі тілдерінде “аталар сөзі” деп те атайды, яғни бұл – “атадан балаға мирас болып келе жатқан қазына” деген сөз. [2, 5]

Мақал-мәтелдер халық даналығы ретінде ауыз әдебиетінің бай қазынасына айналып, оның шағын жанырларының қатарынан орын алып отыр. Мақал-мәтелдер өзінің бейнелі табиғатымен көркем сөз өнерінің көрнекті де құнарлы үлгілеріне жатады. Мақал-мәтелдер тереңнен қозғап, кең толғап айтылатын ой-тұжырымның мәйегі, қысқа да нұсқа түйін ретінде философиялық категория болып саналады. Мақал-мәтелдер халықтың салт-дәстүр, әдет-ғұрпы, әдептілік пен парасаттылықты уағыздаушы ғибарат, тағылым ретінде қабыданып, моральдық, дидактикалық пән санатына жатады. [3, 9]

Қазақ тіл білімінің қазіргі даму сипатын жан-жақты айқындау тіл ғылымының жаңа теориялық ілімдерімен қайталанбас идеялық мазмұнымен толықтырған ғылыми ізденістер арқылы мүмкін болып отыр. [4, 75]

М.Әуезов шығармалары – қазақ әдебиетіндегі дара туынды.



Ұлы сөз шебері М.Әуезовтың әр сөзі – біздің рухани байлығымыз, әрбір пікірі – күнделікті өміріміздің төрешісі.

Жазушының төл туындыларындағы халық паремияларын өз дәрежесінде этнолингвистикалық сипатын түсіндіру және оны заманымыздың талабына сай кейінгі ұрпақтарға баяндай білу – оңайлықпен қолға түспейтін жайт.

М.Әуезов туындыларындағы халық паремиялогиялық қорының семантикалық, этнолингвистикалық мәнін ашу – бүгінгі күннің көкейтесті мәселелерінің бірі.

Мақал-мәтелдер қай тілде болмасын тіл байлығының құнарлы тармағына жатады. Көркем сөз қорының мәйегі болып табылады. Мақал-мәтелдер жекелеген өмір құбылысына нақты баға беретін ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде беріліп отыратын әр халықтың тарихынан, өмірінен, мәдениетінен қызықты деректерді өз бойына жинақтаған халық даналағы, халық мұрасы.

Халықтың дүниетанымы, өмірге және қоршаған ортаға деген көзқарасы, салт-дәстүрі, көңіл-күйі әр халықтың мақал-мәтелдерінде көрініс табады. Сондықтан да, олардың құрылым жүйесін мағынасының, бейнелілігінің, яғни этнолингвистикалық сипатының әр тілдің өзіндік ерекшеліктері болады.

Ұлт мәдениетін қай түрінде болмасын, онда сол ұлттың бүкіл таным болмысы мен тұрмыс-тіршілік суреті сақталған. Белгілі бір ұлттың тарихынан, мәдениетінен, таным-болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін тілдік единицаларға ең алдымен фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жатады.

М.Әуезовтың тіл жөнінен ұлылығы сонда, ол бір жағынан қазақтың әдеби тілінің, көркем сөз үлгісінің барлық қадір-қасиетін, түр-сипатын өз шығармаларында молынан қамтып көрсете білсе, өзіндік қасиет, ол – шешендік үлгісі десе ағаттық болмайды. Жазушы қазақ тілінің бар сөздік байлығын, мүмкіндігін жеріне жеткізе пайдаланады. Тілімізде ұмтыла бастаған сөздерді өмірге қайта әкелді, кейбірлерін жаңа қырынан танытты, соны тіркестер жасады.

Мысалы: – Е, балам, “шешенің судай төгілген, тыңдаушың бордай егілген” – деген Байкөкше сөзінен қазақ елі сөйлеуді де, тыңдауды да сүйген ел екенін білеміз. Ал, “Ел ұйытқысы шайқалды” – дейтін Барлас сөзінен бала Абай ел қайғысын танығандай болады.

...шырағым ер жетерсің,
Ер жетсең сірә, нетерсің.
Алысқа шырқап кетерсің,



Шындасаң шыңға жетерсің... – деген Барластың Абайға берген батасынан кейін Ұлжан: “Жақсы сөздеріңмен ем әкелгендей болдыңдар”, – дейді.

“Тозбайтын бір тіл, тозбайтын тіл тілек деген де болады – ау!”, “Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді”, “Бірлік бар жерде тірлік бар” деген мақалдардағы бір сөзінің алатын орны ерекше, бір сөзінің, яғни есептік сан есімінің, лексика-семантикалық ерекшелігі мол екеніне, қолданылу өрісінің орасан көп және жан–жақты екендігін көреміз. Бұл жерлерде мақалдардың айтылуы, тоқ етеріне келгенде, біреулердің байып, ойында ештеңе, уайым - қайғы жоқ, көңілдері көтеріңкі болса, екінші жағынан біреулерге жетпей, керісінше жоқшылықпен жүрген кедей адамдардың күйкі тіршілігін көрсетеді.

Сонымен бірге халық арасында бірлік болса, онда ынтымақ та, өмір де, татулық та, қысқасы, тіршілік барына тоқталған.

“Үлкен алдында жас қарызы, ата алдында бала қарызы – әдеп пен сый” деген Құнанбай сөзінен айтылмақшы ойды шебер жеткізгенін білеміз. “Арыстан айға шауып мерт болғанмен, артындағы жортқан баласы арыстандық етпей қоймас”, “Ақсұңқар ауға шырмалғанмен, ұясындағы балапаны сұңқарлық етпей қоймас” деген шешендік нақыл сөздің мәні зор.

М.Әуезов Абайдың ішкі жан толғанысын, күйзелісін, көңіл – күйін беруде синтаксистік тәсіл арқылы ішкі жан арпалысын, ауыр мұнды, Оралбайға деген аяушылық сезімін жеткізе білген.

“Ел іші – алтын бесік”, “Бәлен жерде алтын бар, барсақ бақыр да жоқ” деген Базаралының өсиет сөздері бірлікке, татулыққа шақырып, “берекеңнен айырма!” дегендей болады.

“Жалған намыс қасиет емес, ар сақтаған қасиет”, “Жолдасын таппаған ер азады, басшысын таппаған ел азады” деген Дәркембай, Базаралының Абайға деген ыстық, достық сезімдерін, тілеулестігін білдіріп, жалған деген сын есім сөзіне қатысты зат есімді анықтап тұр.

“Атаның абыройына келген бақты қор қылғанда, осындай жігерсіздік, намыссыздықпен қор қыламыз ғой” деген Тәкежан сөзі арқылы жазушы олардың Абайға деген кіжінісін, аяспас қиястығын көрсетіп, кейіпкерлерінің характерін, болмыс – бітімін айқын суреттеп берген.

Тобықтының атқамінерлері осылай дегенмен Керей – Найман Абайды мінеген жоқ, қайта олар:

“Бұрынғы қара қазақ жолынан жолы басқа, үні басқа, лебінде елге ем болайын деп тұрған жақсы ырым бар, сөзі дуалы, беті алмасты, бұл өңірдің абыройлы адамының бірі болғалы тұрған жан екен” – деп бағалаған.



“Сөзі дуалы, беті алмасты, бұл өңірдің абыройлы адамының бірі” деген сөздердегі дуалы, алмасты, абыройлы сөздері сын есімдер зат есімге анықтауыш есімге жұмсалып тұр.

“Табалдырықтан аттай бере, мұрттай ұшып жығылам, сілем қатып” осы сөйлемдегі синонимдес тіркестер: “мұрттай ұшып, сілем қатып” т.б.

Бұл поэтикалық тіркестер арқылы жазушы азапты өмірдің тақсиретін тартып, шаршап шалдыққан жанның аянышты халін аша түскен қабат қолдану арқылы ойды тереңдете түседі.

Кейіпкерлер сөзі арқылы автор ауыр өмірге наразы кейіпкер өмірінен хабар береді. Тағдыр тауқыметін арқалаған арманды жанның бүкіл өмірін беру үшін осы поэтикалық тіркестің өзі жеткілікті сияқты.

“Бас жарылса – бөрік ішінде. Қол сынса жең ішінде” деген мақал арқылы Дәркембай жатақтарға дем беріп, белді бекем ұстап, алда әлі талай теперіш бар екенін ескерткен.

Осындағы мақалдың этнолингвистикалық сипаты: 1. Жорықтарда, соғыстарда, тіпті ағайын арасындағы қақтығыстарда бола беретін жарақтарды (бастың жарылуын, қолдың сынуын т.б.) қазақтар айғақ қылып, елге жариялай бермеген. Ондағы мақсат қас жауына сыр бермеу, жақын адамының айбын айғақтамау. Денеге түскен жара тез қалпына келеді, тез жазылады деп санаған. 2. Ауыс. Тәнге түскен жарадан азап шексенде, сыртқа сыр білдірмеу – ұлттық дәстүр. Бұл, әсіресе, жақын-туыс адамдардың арасында қатал сақталып келген әдет. “Тән жарасынан да тіл жарасы ауыр” дейін қазақ тіл жарасын тез ұмытпаса да, тән жарасын көп кек сақтамаған.

Ал “Бай байға құяды, сай сайға құяды” дегендегі бай үлкен дегенді білдіреді, себебі бай мен сай өзара қарама-қарсы сөздер, жазушы екеуін бір-біріне қосақтап, теліп тұрғанда, мәтелге арқау болып тұрған да – олардың сипаты.

Осындағы қолданылған мақалға этнолингвистикалық тұрғыдан талдау жасағанда мақал төмендегіше семантикалық мағына беретіндігін аңғаруға болады. Мысалы “Бай байға құяр, Сай сайға құяр” 1. Әдетте, байыған адамдар бірін-бірі қолдап-қуаттап, өзара алыс-беріс жасап, ынтымақтаса өмір сүрсе, бастауын таудан алып, жылға-жылғамен төмен қарай ағатын сулардың бәрі бір сайдан асып, екінші сайға құйылып, аяғы толассыз үлкен суға (өзенге) айналады. 2. Ауыс. Азамат қоғамындағы да мүдделес, атақ-лауазымы, мансап-қызметі қатар адамдардың арасында да бірін-бірі қолдап-қуатап, өзара алыс-беріс жасау әдеті қалыптасқан. Бұл мақалдың мән-мағынасы “Қарға қарғаның



көзін шұқымайды”, “Қол қолды жабады, қол тұрып бетті жуар”, “Береген қолым алаған” деген мақалдарға жақын.

Кедей: “байға жетсем дейді, Бай: құдайға жетсем” – дегендегі “бай» мен “кедей” өзара қарама-қарсы сөздер, жазушы екеуін бір-біріне қосақтап, теліп тұрғанда, мәтелге арқау, өзек болып тұрған да – олардың сипаты. Бұл мақалда кедейдің айтып тұрғаны – өзінің қиялы, арманы, байдың айтып тұрғаны – пендешілік: байыған үстіне байы беру, ал құдайға жетуді армандауы – ынсапсыздық, дүниеқорлық, тойымсыздық. [3, 39]

М.Әуезовтің “Абай жолынан” кездесетін шығыстың көне сөз қолданысының ізі ретінде мынаны атау керек. Мәселе жеке сөздер жайлы, әсіресе 2-ші кітапта әртүрлі діни ұғыммен байланысты терминдер мен атаулар недәуір, айтуда да, жазуда да жиі кездесетін “пітір, мінәжат, фатиха, ислам, халфе ” сөздері.

Абайдың жастарды жаңалыққа бастаушы ұстаз оларды ақындыққа баулушы ақын аға екенін автордың мына сөзінен көруге болады:

“...Артымнан мен жетпегенге жетіп, мен көкसेгендей ортаны көксеп, ұшармысың алысқа”, “ Мен танығаннан арғыны танышы, кейінгі елің көрер арыс-қонысты барлашы”!

“Өлімді жерде молла секіреді” деген мақал арқылы автор Семейдегі” оба ауруы кезінде халық басындағы қазалы, қаралы күндер кезінде Абайдың халықты аман сақтау үшін жүргізген әрекеттерін көрсетеді.

“Өлеңді жерде өгіз секіреді, Өлімді жерде молда семіреді” 1. Жазы жылы, ылғалды, сулы-нулы жерлерде, шөбі шүйгін жайылымда жүріп, құнарлы шөбін еркімен жейтін сиыр малының (соның бірі – өгіздің) семіретіні табиғи құбылыс, ал ертеректегі әр түрлі індетті, ауру – сырқаудан адам көп өлетін жерлерде діни рәсім-қағида бойынша о дүиеге ұзарту ауылдағы молдалардың міндетінде болған және өлімге байланысты пітір-садақалар мен басқа да сый-құрмет, ырым-сырымның барлығы жаназасын шығарған, немесе ясін оқыған сол молдаларға берілетін болған. Бұл оларды қонданып, әл-ақуатын арттыра түсетіні сөзсіз. Мақал осы жәйтті аңғартып тұр. 2. Ауыс. Біреу жақсылық бар жерден пайда тауып кемелденсе, енді біреу керісінше, жаманшылыққа қайғы-қасірет бар жерден пайда тауып кенеледі деген сөз. Сонымен бірге бұл мақалда молланың көксейтіні өлім екені, ондай жерде молланың тоқ жүретіне жиіренішті айтылса, “Өлеңді жерде мал семіреді” дегенде малға да тамақтың жағымдылығын, сөйтіп ондай жерде малдың да семіретінін атап көрсеткен.



“Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, қияғы бүтін сұңқар жоқ” деген тіркес пен мына жолдарды алайық: “Кұдайдың досы пайғамбар да кеткен, Мұхаммед досы Шаһариар да кеткен, Ақ пайғамбар досы Қамза да қаза болған”.

Алғашқы тіркестердегі сөздің мысалы: тұлпар, сұңқар сөздерінің синонимдері бола тұра оларды ауыстыратын болсақ онда жазушының ойын дәл мағынада түсінбес едік те, айтар ойы солғындап кетер еді. Соңғы жолдардағы “Пайғамбар, Мұхаммед, Шаһариар” сөздері – шығыс тілінен енген сөздер, жазушы романда сол кездегі мұсылманшылдық діншілдік үгітін таратқан қожа-молдалар осылай сөйлеуші еді деген көзқарасты танытады.

Эпопеяда Әбіш қайтыс болғаннан кейін Абайдың “жас аралас жыры мен сыры төгілді”. Әбіштің көп мінезін, жаратылысын үлгі етіп:

“...Тәкәппар жалған онда жоқ,

Айнымас жүрек көңілі бар..

Құйрықты жұлдыз секілді,

Туды да көп тұрмады!” – деп халқы үшін, қалың жұрт үшін қазынасын бере алмады, “Еліне келіп, еңбек етсе” деген ата арманының орындалмай қалғанын автор, жай сөзбен ғана емес, алмас толғанысты, сезімді тіркеспен шебер жеткізе алған. М.Әуезовтың өз сөзімен айтқанда “жеке сөз өзінің орны мен сәтін тапқан шақта жаңаша жанданып кететіндігін” роман – эпопеядағы Арқатта өткен шербашный съезде сөйлеген шешендік сөздерінен яғни мақал - мәтелдерінен анық байқаймыз.

“Мансаппен адам қасиет таппайды, адаммен мансап қасиет табады. Әділет жол алсын, өріс алсын деймін. Қаншалық ащы болса да, әлдекімге ауыр тисе де, жұрт жарасын емдейтіндері – сол әділет қана. Ал дәрі ащы болса да дертті жазады. Қазақ “инемен құдық қазу қиын” екенін айтады ғой. Мен айтсам, сол “инемен құдық қазу кей көкіректен қаскөйлікті қуудан оңайырақ па деймін!” – деген Абайдың ұлағатты сөздерінен егер түсінетін адам болса. “Абай Абайлығын байқатып өрлеп барады– ау!” – дер едім.

“Шынайы ата намысы көлденең тұра қалса да”, “тар есік, тас босағасынан, қалай өтер екенсің, Абай аға!” – деген Дәрмен сөзінен Абайды ентелей тыңдаған “өңшең жұпыны киімді” Уақ, Жатақ тобының Абайға деген тілеулес халықтың достық үнін сезгендей боламыз.

– Мен Тобықтының ұлымын. Ешкімге сатылғам жоқ. Сондықтан Тобықтының терісін айтам, тектігін, зорлығын, бұзықтығын айтам. Көп елді аз арамдықтан ақтап алам деп айтам.

“Әділет соны тілісе, атаңның да болса айыбын айт”. Ең әуелгі айыпкер деп мен ең алдымен кешегі өткен өз әкем Құнанбайды айтамын” – деген Абай



сөзіне бүкіл тобықты “дүр” сілкінгендей болды. Осы шешендік сөздердің барлығында автордың тіл жөнінен ұлылығы сонда, ол бір жағынан қазақ әдеби тілінің, көркем сөз үлгісінің барлық қадір - қасиетін өз шығармаларында молынан қамтып көрсете білген.

М.Әуезов – сөз асылын тере білген көркем сөз шебері. Қазақ халқы шешен, дарынды халық десе, ана тілінің бары мен нәрін бойына сіңіре білген М.Әуезовке арнап айтылары анық.

Тегінде, мақал-мәтелдер – қай халықтың да жан-дүниесінің, мінез-бітімінің, тыныс-тірлігінің айнасы.

Ол сол халықтың сөздік қорының байлығын танытып қана қоймайды, оның уақыт озған сайын құны артпаса арымас қазына екенін де сездіретін белгісі. Өйткені қазақтың мақал - мәтелдерінің айтары – өсиет, ұлағат, парасат, ізгілік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Орыс халқының мақалдары В. Дальдің жинағы // – Москва.1957 ж. 3- б.
2. Ә. Құрышжанов Ескі түркі тілдеріндегі “аталар сөзі” мен қазіргі қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің өзара байланысын зерттеу мәселесі. // Қазақ ССР ғылым академиясының хабарлары. Тіл және әдебиет сериясы, 1978, №1, 1-5.
3. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы. – Алматы: “Толғанай Т” баспасы, 2004, 560 бет.
4. З. Оразалиева. Ә.Қайдар “даналық қордың” танымдық сипаты. // Қазақ тілі мен әдебиеті, № 3,75-б.
5. Әуезов М “Абай жолы” роман - эпопея. – Алматы, Жазушы, 1989. I кітап.
6. Әуезов М. “Абай жолы” роман - эпопея. – Алматы, Жазушы, 1989. II кітап, 616.
7. Әуезов М. XX томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2000 ж.
8. Russian folk Proverbs collection of V. Dahl // – Moscow.1957 P.3.
9. A. Kuryshzhanov the problem of studying the relationship between “grandfather's word” in the old Turkic languages and proverbs in the modern Kazakh language. // Reports of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Language and literature series, 1978, No. 1,1-5.
10. Kaidar A. T. folk wisdom. - Almaty: publishing house "Tolganai T", 2004, 560 pages.
11. Z. Orazalieva. A. Kaidar cognitive character of the “wisdom fund”. // Kazakh language and literature , No. 3,75-P.
12. Auezov M. novel-epic "the way of Abai". - Almaty, writer, 1989. book I.
13. Auezov M. novel-epic "the way of Abai". - Almaty, writer, 1989. book II, 616 .
14. Auezov M collection of works in XX volumes. – Almaty, 2000.
15. Abduvalitov E. The Effective Ways of Teaching the Literature of Fraternal Nations in General Secondary Schools. <http://dx.doi.org/10.47814/ijssrr.v6i6.1428>
16. Abduvalitov N. Ways of Teaching Samples of World Literature at Literature Classes by Grene Features. <http://ijmmu.com> editor@ijmmu.com ISSN 2364-5369 Volume 9, Issue 3 March, 2022 Pages: 219-223.
17. Nurjan B. Abduvalitov, Ergash B. Abduvalitov, Baurjan N. Sayfullaev. "Methods of comparative analysis in the study of samples of uzbek and world literature" <https://spast.org/techrep/article/view/4576>



18. Nurymbetovich, S. B. (2023). Dialectisms in the Language of Literary Works. *Central Asian Journal of Literature, Philosophy and Culture*, 4(6), 33-39. Retrieved from <https://cajipc.centralasianstudies.org/index.php/CAJLPC/article/view/893>
19. Yusupov B.B. Motherland and Patriotism in the Lyrics of Tulegen Aibergenov. <https://ijssrr.com/journal/issue/view/28>
20. Bazarbayeva Raykhan Abdimumin qyzy Socio-psychological bases of forming speaking competence based on students' creative thinking. *Web of Scientists and Scholars: Journal of Multidisciplinary Research*. <https://webofjournals.com/index.php/12/article/view/3485>

